



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия
общественных и
гуманитарных наук

Т. 2016

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 305 (2016), 182 – 193

**PSYCHOLINGUISTIC ASSOCIATIONS OF A RANGE
OF COLORS DEPENDING ON THE AGE OF PEOPLE**

G.N.Smagulova, A.K.Mankeeva

smagulova.g@mail.ru; a_mank@mail.ru
al-Farabi Kazakh national university, Almaty city

Keywords: association, color coding, the Kazakh cognition, psychological aspect, color associations.

Abstract: The meaning and content of color associations, depending on the age of the people are considered in this article from the psycholinguistic point of view. In the Kazakh culture, the perception of this or that color in national style was affected by a nomadic way of life, environment, traditions, customs and beliefs of the nomads. Meaning of colors played a crucial role in formation of features of national culture. Proceeding from situation that the designation of each color in different nations has different semantic connotations, we assume the possibility of a variety of color associations. White, black, blue, yellow, red, green, brown colors are perceived as semantic association of natural colors in the Kazakh linguistic consciousness. In the worldview of the Kazakhs each color has a definite place in society in accordance with its function. The area of its distribution and frequency of the use are various depending on what sphere of natural and public life this or that color or its shade is used. Therefore, attention to the peculiarities of psychological, physical, intellectual and other qualities should be paid in the course of study of individual choice of a color naming by native speaker.

ӘОЖ 811 512 122'23

**АДАМДАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҮР-ТҮСТІҢ
АССОЦИАЦИЯЛАНУЫНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ**

Г.Н. Смағұлова, А.Қ. Мәнкеева

smagulova.g@mail.ru; a_mank@mail.ru
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Түйін сөздер: ассоциация, түр-түс атаулары, қазақы таным, психологиялық аспект, түр-түстің ассоциациялануы.

Аннотация. Мақалада жас ерекшелікке сай түр-түстердің адам санасында ассоциациялануының психолінгвистикалық мәні мен мағынасы қарастырылған. Қазақ мәдениетінде көшпенді өмір, қоршаған орта, салт-дәстүр, діни сенім түр-түстерді ұлттық болмыспен қабылдауға ықпал еткен. Ұлттық мәдени ерекшеліктерді анықтауда түр-түс атауларының рөлі бар. Әр түстің дүние жүзі халықтарында түрлі мән-мағыналық коннотацияға ие болуына байланысты, ассоциациялануы да түрліше болатындығы белгілі. Қазақ тілінде табиғи түстер ретінде ақ, қара, көк, сары, қызыл, жасыл, қоңыр негізінде ассоциацияланады. Қазақ танымында әрбір түстің өз өрнегімен өмірде алатын орны, атқаратын қызметі бар. Табиғат, қоғам өмірінің әр саласына сәйкес әрбір түс пен реңктің атқаратын қызметі де, қолданыс жиілігі де әр түрлі болады. Сондай-ақ, жеке адамдардың түр-түсті таңдауы психологиялық, физиологиялық және интеллектуалдық т.б. қасиеттердің ерекшеліктеріне қарай жан-жақты талдауды қажет етеді.

Әр адамның түр-түсті қабылдау ерекшелігі әр түрлі. Бұл қасиет адам мінезіне, жасына, көңіл-күйіне және басқа да жайларға байланысты екені ғалымдар тарапынан дәлелденген. Адамдардың таңдаған түстері қоршаған ортасына өзі туралы біраз мағлұматтар беріп тұратындығын психолог ғалымдар атап көрсетеді. Айталық жас ерекшелікке байланысты таңдалған түстер олардың өмірге деген көзқарасы мен таным көкжиегін аңғартып қана қоймай, ұстанымдары мен этникалық өзгешеліктерінен хабар береді. Мәселен, ақын Тұрсынхан Әбдірахманованың: «Бөрікті ақ түлкінің терісімен көмкерген қай қара қазақты көрдіңдер?» – дегендегі ақын танымында "ақ" және "қара" түсімен берілген "ақ

түлкі", "қара қазақ" сөз тіркестерінен бейнелік ассоциациясын көруімізге болады. Түр-түс атаулары – мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор; ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі осында.

Адам миында есте сақтау құбылысы ең алғашында ұғу, меңгеру сатыларынан өтеді. Оның санасында тіркес арқылы қабылданған мазмұн *ассоциацияланады*. Бұл – адамның бұрын жинаған тәжірибесі негізінде құралып, зат, құбылыстың сипаты, бейнеленуі туралы ой тұжырымының қалыптасуы. Жалпы ұғымды толық тану үшін, жан-жақты түсіну үшін адам санасында алғаш пайда болатын менталдық белгілер – ассоциациялар. Бұл – білім жинаудың амалы десек, ассоциациялар арқылы тану, түсіну бұрынғы тәжірибелер мен жаңа қабылданған түсініктер арасындағы байланыс деген сөз [1, 27].

Ассоциация адамның дүниетанымдық деңгейін көрсетеді. Жеке тұлғаның қабылдау, санада ой қорыту, ойын жарыққа шығару қасиетінің деңгейін анықтайды. Адам санасында түр-түстің ассоциациялануы, ұлттың таным-түсінігіне, сана құрылымына, ойлау механизміне, қоршаған ортасына тәуелді екендігі осыған дейін де Л.Уорф, Э.Сепир концепцияларынан бастау алып көрсетіліп келеді. Осы орайда түр-түстердің ассоциациялануы, түрлі этностар қолданысындағы түстер әлемінің жалпы санына байланысты болмақ.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларына қатысты зерттеулерде И.Гетенің жүйесін атап өтеді. Ол барлық түр-түс спектрін үш топқа бөлген:

1. Негізгі түстер – сары, көк, қызыл. Басқа түстер осы арқылы жасалады;
2. Бірінші дәрежедегі құрамдас түстер – жасыл, қызыл сары (оранжевый), сиякөк, бұлар негізгі екі түстің араласуы арқылы жасалады;
3. Екінші дәрежедегі құрамдас түстер – бірінші дәрежедегі түстердің араласуынан пайда болған түстер.

Түр-түстердің жалпы саны жөнінде американдық ғалымдар Б.Берлин мен П.Кей бұл мәселенің анық-қанығын ашып берді деуге болады. Олар 98 тілдегі түр-түс атауларын зерттеп, жинақтаған материалдардың негізінде 11 негізгі түсті көрсетеді: *basic colour terms – black (қара), white (ақ), red (қызыл), yellow (сары), green (жасыл), blue (көк), brown (қоңыр), purple (алқызыл), pink (қызғылт сары), orange (қызылсары), gray (сұр)* [2, 18].

Яғни, қайсыбір тілде бар болғаны үш ғана түс атауы болатын болса, онда олар – *ақ, қара, қызыл*. Орыс тілші ғалымдарының көпшілігі осы жіктемені мойындайды және орыс тілінде 11 негізгі түс бар деп санайды. Олар ағылшын тіліндегі *blue* дегеннің орыс тілінде екі баламасы бар деп есептейді: *blue – көк (синий) және көгілдір (голубой)*.

Б.Берлин мен П.Кейдің жіктемесі негізінде ғалымдар барлық тілдердегі дерлік түр-түс атаулары төмендегідей иерархияда орналасады деп есептейді: *black, white} → {red} → {green, yellow} → {blue} → {brown} → {gray, orange, pink, purple}*.

Бірақ орыс ғалымы Р.Фрумкина жоғары аталған жіктемеде түр-түс атауларының 11 болып көрсетілуі шартты түрде деп есептейді, солай бола тұрса да, өзінің негізгі түр-түс жіктемесін ұсынбайды. Р.Фрумкинаның пікірінше, негізгі түр-түс атауларының олардың реңктеріне (мысалы, көк-көкшіл) қарсы қойылуы мәдени-тарихи және психологиялық факт болып табылады, олар психофизиологиялық тұрғыдан қарағанда өзара теңбе-тең. Яғни, психофизиологиялық жақтан түс пен оның реңктеріне бөлу мүмкін емес, бұлайша бөлу әлемнің қарапайым бейнесіне тән. Түр-түс атауларының негізгілерін, маңыздыларын, яғни ұлттық-мәдени ерекшеліктерді белгілей алатындарды ажыратып көрсетуде түр-түс атауының негіз болатындығы да айтылады. Бұл пікір бойынша, *сұр* – негізгі түс; *сұрғылт* – негізгі түс емес, түстің реңкі. Осыған байланысты орыс тілінде 800-дей атау бар деп айтылады. Бұл дерек қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде келтірілген. [3, 31].

Ал «Сырға толы түр мен түс» кітапта қазақ тіліндегі түр-түс атауларының саны көрсетілмейді, авторлар түр-түс атауларын біршама санап шығады, бірақ олар толық емес [4]. Десе де, түр-түстің ассоциациялауда жиі қолданатын түстер қатары көп емес. Оларды табиғаттағы кемпірқосақтың 7 негізгі түсімен алар болсақ, әрқайсының қолдану жиілігі, сөз тіркестерінде келу ерекшеліктері, метафоралануы әртүрлі. Соған орай жалпылай түр-түстің ассоциациялануы табиғи түстер (*ақ, қара, көк, сары, қызыл, жасыл, қоңыр*) негізінде жүзеге асатындығы дәлелденген. Мысал ретінде жеті негізгі (*хроматты*) түр-түстің адам санасында ассоциациялануын талдасақ.

Ақ түс. *Ақ* – қайырымдылық пен пәктіктің түсі. Әлемнің көптеген елдерінде қалыңдық *ақ* киім киеді, сондай-ақ кейбір салт-дәстүрлерде *ақ* түсті жерлеу рәсімдерінде пайдаланады. *Ақ* маргаритка – бұл өз-ара махаббат белгісі... *Ақ* дүйсенбі түсі болып келеді. *Ақ* түс қуаты – жалпы ақ түс емес, ол көптеген түстердің жиынтығы. Сондықтан *ақ* – бұл қуат синтезі. Сол себепті көптеген елдерде *ақ* түс

пәктіктің, ашықтықтың және шындықтың белгісі болып есептеледі. *Ақ түс* – таза парак, онда әлі де талай тарих жазылады. Бұл түс адам энергиясының тазалануына өз әсерін тигізеді. *Ақ түс* таңдайтындар, әдетте, жинақы, адал ниетті адамдар болып табылады. Көп жағдайда олар талап қоя біледі. *Ақ түс* қараңғы жерлерге жарық беріп тұрады, жандандыра түседі [5, 18].

Қазақтардың таным түсінігі бойынша өлімді тағдырдың бұйрығы ретінде "*ақ*" түсінің ассоциациялануымен, өлімді "*ақ өлім*", "*ақ бұйрықты өлім*" деп мойынсұнып қабылдаған. Ертеректе қазақтарда ел жақсысы қаза тапқанда шаңырақтан *қара ала* шашақты *қара* жалау көтеріп, жақындары *қара* жамылып аза тұтатын, оның мінген атын бір жылға дейін тұлдап, ер тұрманына *қара* жабу жауып, көш-қон кезінде жетелеп алып жүру сияқты әдеттер болған. Осыған байланысты тілімізде "*ақ арулап жөнелтті*", "*ақ жауып арулап қойды*" "*ақ кебінге орады*" т.б. фразалар бар [6, 83].

Ақ түсінің ассоциациялануына байланысты психолог мамандар көпшілікке былай деп кеңес береді: «Егер өзіңізді мейірімді, ретті, таза адам етіп көрсеткіңіз келсе, әрдайым *ақ* түсті киім сатып алуға тырысыңыз». *Ақ түс* адам санасында "аңқаулық, пәктік, албырттық" шағынан хабар беріп, ассоциациялық көріністер тудырады екен. Мәселен, ағылшындардың қолданысындағы "*white day*" (сөзбе-сөз: *ақ күн*) бақытты күн, "*whiter than white*" (сөзбе-сөз: ақтанда аппақ) "*күнәсіз пәк*" яғни қазақ тіліндегі "*судан тұнық, сүттен аппақ*" деген фраза баламалас келеді [2, 16]. Ал, көршілес орыс халықтарында *ақ* түсінің ассоциациялануы мүлдем бөлек. Мысалы, "*белый – скорби и печали*" (мұң-қайғы) немесе "*собственной неполноценности или о болезни*" (денсаулығының нашарлауы немесе аурудың белгісі). *Ақ* түсінің жас ерекшелікке байланысты ассоциациялануынан туған санадағы түсінік-пайымдауларға байланысты, көбінесе *ақты* жастар жөн көреді екен. Ал бұл түсті ересек жастағылардың таңдағаны олардың өзгеге көмектесуге ынтығып тұратынын аңғартады. Оның қолынан көп нәрсе келеді. Алдына мақсат қойғыш жан. Сонымен қатар, *ақ түсті* киім кигенді қалайтын ересек адамдар, "қарапайым өмірді қалайды әрі жастық шағын жиі аңсайды" – деп ұғынылады [7].

Адамдардың жас ерекшелігіне сай *ақ түс* психологиялық тұрғыдан ересектерде шешім қабылданғанын, аяқталғанын, біткенін білдіретін түс болса, орташа жас жеткіншектерде еркіндікті сезінуге ықпал етеді. Сондай-ақ, бұл жаста *ақ түстің* ықпалы кедергісіз өмірді сезіну, теңдік орнағандай сезім береді. Жасы келген қарттарда, үлкен кісілер психикасындағы *ақ түстің* әсері барынша қуатты, когнитивтік таным бойынша бұл түс барлық түстердегі игі қасиеттерді теңдей дәрежеде сезінуге көмектеседі.

Осы орайда халықтық психологияда қалыптасқан түр-түстік ұғымдар тек қарапайым санада ғана емес тілдік қолданыс аясында да көрініс табады. Қазақы танымдағы *ақ түсінің* жас ерекшелікке байланысты тұрақталған ұғымдық формаларын тіліміздегі бай фольклор мұралардан байқаймыз. Мәселен, мақалдардан (*ақ* жаулығы ананың, *ақ* көрпесі баланың; мал жисаң, қонысын тап, *ақ* жисаң, ыдысын тап т.б.) [8, 13]; халықтық ән-жырлардан (Абшадияр бір болар, ауызын ашқан дүр болар. Ақсақалдан бата алған, *ақ* шалмалы пір болар т.б.); жаңылтпаштардан (*ақ* тайыншаның қатығын *аппағымға* беремін, *аппағымның* атын тез айтқаныңа беремін; алпыс ала баспақ бақтым, алпыс ала баспақтың ішінде тарғыл тарбақ бас *ақ* баспақ бар, сол тарғыл тарбақ бас *ақ* баспақты мен тарғыл тарбақ бас *ақ* баспақ демей, кім тарғыл тарбақ бас *ақ* баспақ дейді т.б.); жұмбақтардан (жас кезінде қара орман, жыл озған сайын *азарған* т.б.); ертегілер, аңыздар, әңгімелер, мысалдардан («*Ақ* тиін мен қасқыр ертегісі»; «*Аяз би*» т.б.); жырларда (бесік жырларындағы "*ақ* бөпе, *ақ* бесік, *ақ* білек" [9, 225]; батырлар жырларында – Қобыланды батыр: "*Ақ* тамағын сүйдіріп, бүйрегін тескен түйнектей"; "*ақ* бармақпен жемдеген, ауырса жеммен емдеген"; "базарда болар *ақ* мата, ойнақтайды жас бота" т.б. [10, 48]; айтыста («*Жамбыл мен Айкүміс*» айтысында: "Айкүміс, амалым жоқ, кош ендеше, кетелік сыр білдірмей жат пендеше. Атыңды *ақ* жүзінді ұмыпасын, кеудемнен қашан менің от сөнгенше" т.б.) [11, 220] дау-шешендік және даналық сөздерден, Төле би: "Түсінікті болу үшін шешен *азынан* ақтарылуға тиіс"; "жақсының сөзі шамдай жарық, айдай анық *ақ*" т.б. [8, 7] кездестіреміз.

Қара түс. *Қара* – ең сиқырлы түс. Батыс елдерінің дәстүрлеріне сай *қара* өлім символы болып есептеледі. Алайда, көптеген халықтарда (Мысалы, Солтүстік Америка үндістерінде) *қара* – бұл жақсы түс, себебі ол құнарлы топырақты және жерді еске түсіреді. Бұл елдерде *қара* – сенбі түсі және *қара* – бұл түс емес, *қара* – бұл түстің жоқтығы ретінде ұғынылады. Әдетте, адамдар қарама-қарсылықты айтқанда олар *ақ* пен *қара* туралы айтады. Егер *ақ түс* бәрін анық қылса, *қара түс* керісінше жасырады деп ұғынылады. *Қара* – мағына беруші түс. Көпшілік санасында, *қара* адамдардың мүмкіншілігі мен деңгейі жайылы сыр беретіндігі анықталған [5].

Қара даулы бір рен. Бір жағынан қараңғылық, қара күш, кінә, мықтылық және қарама-қайшылықпен байланыстырылса, екінші жағынан берілгендік, табандылық, қажырлық, қайсарлық,

өжеттік, тұрақтылық, шыдамдылықпен, қырағылықпен, білгірлікпен, сенімділік ұғымдарымен де ассоциацияланады. Көпшілік елдерде *қара* түс жағымсыз коннотацияда ассоциацияланады. Мысалы, қазақ тілінде *"қара ниет"*, ағылш: *"black heart"* (сөзбе-сөз: қара жүрек), *"қара жүрек, қара ниет"*, қытай: *"hei xin chang"* (сөзбе-сөз: қара жүрек), *"қараниет"* [2, 17].

Қазақы танымда балғын, жеткіншектерде *қара* түс *"қорқыныш, үрей"* ассоциацияласа, есейе келе *"күштілік, мықтылықты"*, кейде *"озбырлық, зұлымдықты"* да ассоциациялайды екен. Бұл ұғымдардың қалыптасуы адам танымындағы тек психологиялық, физиологиялық себептерден ғана емес, сол ұлттың ерте кезден қалыптасқан пайымдауларының тіл арқылы ұрпақ санасына берілуінде жатқандығын аңғарамыз. Ертегілердегі *"Қара дәу"* немесе *"Қара Қашқынбай"* бейнелерінің туындауы да осыған дәлел. Мысалы: «Бір бала жасынан мал бағыпты. Жазда бұғына жарғақ шалбар киіп, ылғи жалаңаш жүреді екен. Денесі күнге күйіп, қап-қара болыпты. Сондықтан ел оны алғаш «Қара бала» деп атапты. Баланың елден ерек бір өзгешелігі – өте қорқақ екен. Күркіреген күннен де, қараңғы түннен де, аң атаулының бәрінен қорқыпты. Тіпті төрт түлік малдан – түйеден де, жылқыдан да, сиырдан да шошыпты. Тек жалғыз досы қой екен. Сонан қойды ғана бағыпты... Қара Қашқынбай аң атаулының бәрін айламен жеңіп, елге қайтады. Мұны халық естиді. "Қара Қашқынбай батыр болып келіпті", – деген хабар тарайды. Содан былай қорқақ Қашқынбай батыр Қашқынбай атанып кетіпті» [9, 200].

Қазақ ұғымында ең асыл, ең қымбат, ең киелі деген ой осы *"қара"* сөзімен байланыстыра қолданып айтылады: *"Қара нар – мал басы, киелі түйе; қара от – құнарлы жайылым; қара шал – ақылды, орны бөлек ата; қара шаңырақ – ата-ананың үйі, қасиетті үй."*

"Қараниет, қаражүрек, қара қамшы, қарабет" деген сөздер, әрине, өте жағымсыз бейнеде де көп қолданылады. Дегенмен, *"қара"* сөзі *"қасиетті, киелі"* деген ұғымды айғақтайды. Мысалы, *қара жер, қара шаңырақ, қара қазан, қара орман, қара жол* т.б. Ал, *"қаралады", "қара басты"* десек, келеңсіз істің болғандығы. *"Қаралы"* десек, қайғы-қасіретті; *"қара тұтты"* десек, паналады – дегенді ұғамыз [12, 79].

Бұл түстің жас-ерекшелікке байланысты ассоциациялануы қазақы жастар ұғымында көбіне-көп *"батырлық пен ерік-жігерлікті"* бейнелесе, ересектердің ассоциациялауы керісінше, *"салмақтылықтың, мінезі ауырлықтың, байсалдылықтың"*, кейде тіпті *"қаталдылықтың"* нышаны деп тану да бар. Ақ пен қара немесе өзге де түстермен араласып келген *ала* түсінің жастарда ассоциациялануы *"еліктіргіш, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлға ұғымын"* ассоциацияласа, ересектерде *"сенімсіздік пен күдікті"* ассоциациялайды.

Қазақ ұғымында: *"Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде"* - деген нақыл бар. Мұнда түр-түс айтылып тұр. Сондай-ақ, *"ақ ала ауыз, алакөз, алаяқ, ала қол, ала құйын, ала көңіл"* деген сөздер адамдардың және олардың арасындағы іс-әрекеттерді анықтайды. Қазақта *"Ақтылы қой, алалы жылқы"* деген тұрақты тіркестер бар. Махамбет оны *"Алалы жылқы, ақтылы қой, аңдыған бөрі жемей ме?..."* – деп келтіреді. Осыған қарағанда мал бағушы қазақ үшін мал түсінің де өзіндік мәні болған. Әдеби-фольклор деректеріне қарасақ, қазақтар ертеректе қой малының бір текті боз түстісін ұнатса, жылқы малының түрлі түсті болуын қалаған. *"Ала қойды бөле қырыққанның жүнге жарымайтынын"* елге түсінікті, оның үстіне біртектес ақ жүннің қазақ үшін қажеттігі тағы бар. Бірақ дәл осы арада ақтылы қой – мыңғырған байлықтың нышаны болса, жылқы малының алалы-құлалы болуы (тіпті ертеректе кейбір байлардың жылқының түр-түсіне қарай үйірге бөліп, *"қара қасқадан бір үйір, қара көкпен екі үйір, теңбіл көкпен үш үйір"* деп масаттануы) жай байлық емес, сәнді де салтанатты байлықты көрсетті [13, 88]. Психологиялық тұрғыдан мезгіл кезеңінде қазақы танымда байлық ұғымын ассоциациялайтын *ала* түсінің *қара* түске ауысуы тұрмыстық өмірдегі тұтынушылық бағалы тауарлардың *қара* түсінде келуінде жатыр.

Мысалы, *"Басына қара қалпақ, үстіне қара сулық киіп, қолына дипломат ұстаған жасы отыздардан орталап қалған ұзын бойлы, томаға көз қараторы жігіт аялдаманың қасынан өтіп барып әзер тоқтаған автобуска жолаушының соңын ала кірді"* [14, 26].

Қазақ әдет-ғұрыпында, салт-дәстүрінде *қара* түсі *"қасиеттілік, қадір"* ұғымында ассоциацияланады. Әсіресе, перзенттерін *"соңымнан ерген қарам"* деп еркелетсе, жасы келген қарт кісілерді *"қарайғандар"* деп қадір тұтатындығынан байқаймыз. Концептік ұғымның қалыптасуы қазақы танымдағы соматикалық әрбір атаудың өзіндік мән-мағынаға ие болуында жатса керек. Мәселен, *"қара көз", "қызыл кеңірдек", "ақ тамақ", "сары қарын"* т.б. ұғымдарда *қара* түсі *"көз, шаш"* секілді адамның ең асыл, қасиет, қадір тұтатын дене мүшелерін осы түспен сипаттау арқылы ассоциациялауында. Мысалы: *"...Көзімнің ағы, қарасы, жүрегімнің парасы. Дүние қамды ойлатпас, көңілімнің данасы..."* [9, 21].

Бұл сөздің шығу табиғатын көзбен байланыстыруға болады. Адамның дүниені танудағы ең негізгі мүше – көз болып табылады. Көзге қатысты тілімізде көптеген тұрақты тіркестер қалыптасқан. Қазақтар *көзінің ағымен қарасындай* деп ең қымбатты, ең ардақты адамдарына айтса, *көзінің қарашығындай* немесе *қарасындай* сақтау деп, атадан мирасқа қалған бағалы бір затты, мұраны сақтауды айтады. Абайдың «Көзімнің қарасы» деген өлеңіндегі мағына да жоғары айтылғандармен мәндес. «Бұны айтып отырған себебіміз мынада: М.Қашқаридың сөздігінде «қарак» *көздің қарашығы*, көз мәнінде түсіндірілген. Яғни, *қарак* және *көз* сөздері бір-біріне синоним болып келеді. Алайда қазіргі қазақ тілінде бұл көздің бір ғана бөлшегі (*қарашық*) болып қалыптасқан. Қазіргі қазақ тілінде *көзі қарақты*, *қарақтау* секілді сөздер қолданылады [4,78].

Жас ерекшелікке қарай *қара* түсінің ассоциациялануының ұғымдағы көрінісінің дәлелі ретінде, егде кісілер *қара түсін* жиі таңдап жатады екен. Демек, *қара түсі* байсалдылықтан хабар береді. Кейде *қара түсі* адам сұлбасын арық көрсететіндіктен жастардың көпшілігі қоғамдық орындарға осы түсті жөн көреді. Психологтардың пайымдауына: «*Қара түс* – абсолютті шекара, өмірдің тоқтайтындығының белгісі. Ол ғайып болу, өлім ойын көрсетеді. *Қара түс* – соңы, енді ештеңе болмайтындықтың нышаны. Десе де, қара түсті таңдаған адам тағдыр ағысына қарсы тұра алады.

Қара – түрлі жағымсыз көңіл-күй, мазасыздық, ашушаңдық тудырады. *Қара* түсін қолдану арқылы жазушы шығарма желісінде осы түстің адам психологиясындағы мән жапсарын айшықтауда кеңінен пайдаланады. Мәселен, Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» шығармасында *қара* түстің қараңғылықпен берілуінде: «...Қараңғыдан қорқатын сияқтымын. Өзімді қанша тежедім десем де, елегізген көңілім басылатын емес. Үйде керосин аз болса да, шам жарығымен ұйықтап кетпек болып, төсегіме өайта жаттым. Үркіп кеткен ұйқы тез арада қайтып оралмады. Үйдің іші қара көлеңке, терезе алдында жетілік шамның бармақтай жалыны жылтырайды. Өз жүрегімнің дүрсілін естігендей болам...» – деп көрсетеді [11, 449].

Қара түс – жұмбақ, құпия түс. *Қара түс* – тәуелсіздіктің белгісі. Бұл түсті араласатын ортасында өзінің лайықты орны бар адамдар ұнатады. *Қара* түсті көбіне жұмбақ, құпия болуға тырысатындар жақсы көреді. Олар өзінің ойын көп жерде айтпайды, жасыруға тырысып бағады [7].

Көк түс. *Көк түс* – жан тыныштығын, молшылықты, татулықты білдіреді. Ол адамдар мен қоғамды байланыстыратын негізгі дәнекер іспетті, бірлік, көпшілік сезімнің, сенімнің түсі. Адам болмысы жаратушы күшімен тығыз байланыста болғандықтан көк түсі алғашқы болмыс ретінде көп тілде көрініс тапқан. Мәселен, латынша: *materia* – болмыс, алғашқы зат, үнді европаша *madher* – көк (*синий*), ежелгі үнді тілінде *mati* – сана, ақыл (*разум*); славян тілінде *мать* – ана; неміс тілінде *mutter* – мать; түрікше *тәбі* – көк [15, 26]. Осыған байланысты көк түсінің ассоциациялануы барлық елде көбіне-көп, *аспан*, *жаратушы (тәңірі)*, *ана* бейнесінде болып келеді. Соған сай туған тіркестер де *көк аспан*, *көк заңғар*, *көк күмбез*, *көк әлем* т.б. Ал *көк бөрі* ежелгі таным бойынша түркілердің анасы [12, 6]. Дегенмен, *көк түсі* кейбір этностар танымында *жастық* пен *албырттықты* ассоциациялайды. Мысалы, орыс ұлтының ұғымындағы *көк түсі*: "*синий цвет – духовность, жертвенность*" (*көк түс – жанға жайлы, қаза болу*); "*голубой цвет – юношеская привязанность*" (*көгілдір түс – жастықпен байланысты*) [16, 16]. Яғни, бірде жанмен (*дух, душа*) ассоциацияланса, бірде жастықпен (*юность*) пайымдалады. Қазақы танымда да *көк түсін* жастықпен ассоциациялау бар. Мысалы, *көктемді* (өсіп шықты, жайқалды), *көктей солу* (жастай қайтыс болды), *көсегесі көгеру* (балалы-шағалы болу) т.б.

Қазақы танымға сай *көк түсінің* ассоциациялануы *аспан*, *аспан әлемін жайлайтын тәңірі (көктен тілегені, көкке көтерілу т.б.)*; шөп, көгеріп тұрған өсімдік, көкөніс (*көк майса, көк шөп, көк орай шалғын, көкбек т.б.*); әлі жас, піспеген шикі (*көк түйнек, көк қауын, көк алма, көк өрім, көк сабақ т.б.*); арық, жасық, майсыз, дәмсіз (*көк жасық, көк бақа, көк қарын, көк шалап т.б.*); көнбіс, шыдамды, бірмойын, елеусіз көптің бірі (*көк есек, көк жұлын т.б.*); езбе, мылжың, көп сөйлейтін (*көк езу, көк малта, көк мылжың т.б.*); қаһарлы, қайсар, айлалы, адуынды, ашушаң яғни, озбырлық сенімсіздік белгісі (*көкдолы, көкбет, көкдауыл, көк шұлпан, көк азу, көкайыл, т.б.*); сылбыр, жалқау, қалжыраған, топас (*көк желке, көк жұлын, көк жалқау, көк ми т.б.*); найзағай (*көк түскендей, көк астынан т.б.*) [13, 70]. Бұдан бөлек *көк түсі* құдіреттілік күштілік белгісі (*жеті қат көк, көк түркілер, көк бөрі, заңғар көк, көк болат, көк темір, т.б.*); байлықтың белгісі (*көк тонды, көк етіккі, т.б.*); жастық, махаббат белгісі (*көгілдір сезім, көк сағым, көк көгершін, көгілдір аспан, т.б.*) ұғымдарымен берілген.

«*Көк*» түсті қазақтар ерекше пір тұтқан. Тіпті әулие, хан, атақты адамдар мазарлары мен күмбездер төбелері көк түспен (бирюза) боялған. Ал, «*көк соққыр*», «*көк келсін*» деген қарғыс мәнді фразеологизмдері – «Алланың қаһары тисін» деген мағынада. «*Көк қасқа сою*» (атау) – құрбандық шалу, отқа май құю, т.б. культ ұғымдары діннің әдет-ғұрыптық жағын көрсетеді. Мұндай культ

түрлерінің (культ латынша «cultus» – сыйлау, құрметтеу) мазмұндық сипаты ұлттың сөйлеу тілінде орын алып, кейінгілерге мұра боп жетеді [17, 190].

Көк түсінің жас, көк шөп бейнесінде ассоциациялануы тек қазақ халқының ұғымына тән дүние деуге тұрарлық. Мәселен, *көк* сөзімен байланысты шыққан қазақта көптеген сөздер бар. Бұған *көк* тәңірідегі алғашқы компоненттің ықпалы секілді. Мысалы, *көктеу*, *көк шықты* дегендегі *көк* заттың түсін емес, жаңа шыққандығын білдіреді. Тәңірідегі *көк* дүниенің бастауы де түсінсек, *шөп* сөзімен тіркескен *көктің* мағынасын біз көктем мезгілінің келгендігі, жаңа тірліктің басы деп ұғамыз.

Қазақы танымда *көк түсі* реңктік мағынадан бөлек туыстық мәнде жұмсалатындықтан *аға, көке, бауыр* ұғымымен де ассоциацияланады. Мысалы, М.Қашқаридағы *көгің кім?* Деген сұраудың аудармасы – шыққан тегің қандай? Сөздікте *көне* деген туыстық атауы да кездеседі. *Көке* деп әкесінің апа-қарындастарын атаған екен. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз ауыз екі сөйлеуде *көкең кім?* Түрінде жиі қолданылады. Бұл тіркес туыстық атауды білдіргенмен, тірек демеуші деген мағынада жұмсалады. Дегенмен кей отбасыларда *көне* түркілік мәні әлі де болса сақталған [18, 6].

Қазақ халқының ұғымында түр-түстің ассоциациялануы табиғат әлемімен тығыз байланысты. Олай деуге, қазақ ұлтының көшпенділік өмірі мен түркілік танымнан қалған *көк* тәңірге табыну әсер берсе керек. Мәселен, халық түсінігі бойынша: аспан *көгілдір*, жұмыр жер *көк* өгіздің мүйізінде тұр, аспан сол *көк* өгіздің түсіне ұқсайды. Шолпан – үлкен *ақ* жұлдыз. Есекқырған – *сары* немесе *сарғыштау* жұлдыз. Марс – салқын жұлдыз, түсі *қызыл*. Сондықтан оны халық *Қызылжұлдыз* деп те атайды. Сұлусары (*Ригель*) жұлдызы – *көгілдір*, Альдебаран (*Көгалдай мергеннің Көкшапағы*) – жосадай *қызыл сары*, Артур жұлдызы (*Қойшының қоңыр жұлдызы*) – *қызыл қоңыр*. Ақбозат – *ақ* түсті, Көкбозат – *көк* түсті жұлдыздар [13, 130].

Көк түсін енді бірде *шөп, өсімдік* мағынасында ассоциацияласа, "*көк етікті*" дегені – ауқатты, бай адамды айтқаны. Атап өтетін бір жайт, түр-түстің бұлай ассоциациялануы сирек кездесетін құбылыс. Көптеген елдерде *көк түсін* елестеткенде оның реңктік жағына аса зор мән беріп жатады. Алайда, қазақы түсінікте бұл ұғым мүлдем басқаша сипатқа ие. Мәселен, *көк түсі* Еуропа халықтарына қарағанда Азиялық түркі тектес халықтар арасында жиі қолданылатындығы байқалады. Олай деуге қазақы ұғымда *көк түсінің* кейбір түстердің орнына жұмсалып, өзгеше мәнде коннотациялық реңк беруін айтар едік. Мысалы, *көк шықты* – *жасыл шықты*; *көгеріп кетті* – *бозарды, сұрланды*; *көк базар* – *жасыл базар*, *көктей солғын тартты* – *қуарды, сарғайды, өңі сарғышанды* т.б [3]. Қазақ ұғымында *жас* ерекшелікке сай ересектерде *көк түсі* тыныштық пен бірліктің, берекенің белгісі десек, ол аспанмен, Тәңірмен қуатталады. Сондықтан ол *мықтылықты, жеңімпаздықты, рухы жозарылықты, үстемдікті, паңдықты* білдіреді.

Ал, көгілдір түстің жас ерекшелікке сай ассоциациялануы жөнінде медицинада психологиялық эмоцияларды жасылға қарағанда тез тыныштандыратындығы анықталған. Бұл медитация және рухани даму түсі, себебі ол ақылды босаңсытады. *Көгілдір* – бұл шындықтың, іңкәрліктің, тыныштық пен шынайылықтың түсі. Көгілдір өзін көрсетумен байланысты. Бұл түс әлем, жайлылық және сенімділік түсі. Ауруханалардағы *көгілдір* белгілер тыныштық, төзім және өмір қабілеттілігін білдіреді, сол уақытта көгілдір униформа сияқты қауіпсіздік және сенушілікті білдіреді.

Қазақы танымда *көгілдір түс* жастықпен ассоциацияланып, ересектерде "*бақыт*" пен "*қуаныш*" сезімін тудырады. Мәселен, «...Осы бір *көгілдір* тасқын – бақыт селі көкірекке сыймай асып төгіліп, кері серіпкенде айналамыз ғажайып көгілдір иірімге айналып, бұрқ-сарқ қайнап, зырқырай жөнелді. Сол құдіретті әуеннің шарықтау шегі *көгілдір* иірім бізді өз құшағына алғанда жұдырықтай ғана жүрегім – тек бақыт үшін жаралғандай жүрегім шаттық салмағын көтере алмай жарылып кетердей боп талықсып құлап бара жаттым...» [14, 152].

Көк түсі – психологиялық тәртіпке арналған жақсы түс, ұйымдасушылық сенім және құзыреттілік. Ол жалықтыратын эмоциялардан арылуға көмектеседі. *Көк* қорқынышты тудырады, өзінің алдындағы жауапкершілік сезімін тудырады. Ол ұйымдасушылықты, шоғырланушылықты және міндеттерді білдіреді. Сол себепті осы түсті *жас* ерекшелігі жеткіншектерді құрайтын топ өкілдеріне қолданады. Мәселен, *күңгірт-көк* түсті ресми костюмдер, мектеп формасы және өзге де оқулық құралдары (қалам, дәптер, қаламсап т.б.) реңкінде көрініс тапқан. *Көк түсінің* ассоциациялануынан туындаған психологиялық пайымдауларға көз жіберсек, «*Көк түсті* ұнататындар өкпелегіш, сары уайымға салынғыш болып келетін көрінеді. Әсіресе, *көк түсті* молшылықтың нышаны болғандықтан семіз келген адамдар ұнатады екен. *Көк түсті* таңдағандар – тыныш ортаны, мазасыздық пен сотқарлықтан, келіспеушіліктен алыс болуды қалайтындар. Олар бір-біріне деген сенімді қалайды және өзгелердің де оларға сенуіне әбден болады. *Көк түсі* – арманыңыздың орындалуына әсер етеді. Бұл түс – шындықтың, біреуге деген адалдығының белгісі ретіндегі түс. *Көк түсті* киімдерді көп киетіндер

сараптама жасаудың шебері. Бірақ бұл мүмкіндігін жасырады. Аталған түсті қалайтындар өте қарапайым келеді. Сезімталдығы да бар. Бірақ іштей қатал мінезі де жоқ емес. Оны өзгелерге аңғартпауға тырысады. *Көгілдір түсті* жақсы көретіндер өте саяқ адамдар» – деп ұғынылады [9, 13].

Сары түс. *Сары түс* – жеңілдік пен қуанышты, сабырсыздықты, нұр сәулені білдіреді. Қуаныштың, күн шапағатының нышаны. *Сары түс* адамды болашаққа бағыттайды, жаналыққа талпындырады, заманауилыққа, дамушылыққа құштар етеді. *Сары түсті* Гете «ашық түстердің ішіндегі ең мықтысы» деген екен. *Сары түс* адам бойын сергітеді, көңілдендіреді деп көрсетеді. Әрине бұл, қазақы таным-түсінікке жат нәрсе. Ғаламның тілдік бейнесіне байланысты орыс халқында *сары түсі* "ашықтық пен жақсы көңіл-күйді" ассоциацияласа, қазақы ұғымда *сары түсінің* айтарлықтай жағымды бейнеде елестетуі екі талай. Себебі, ежелден-ақ қазақы ұғымда *сары түсі* "уайым мен қайғыны", "мұң-шер мен ауруды" ассоциациялаған. Психологияда: «Бұл түсті таңдаған кез-келген адам қиындықты тезірек жеңуге құлшынып, тезірек босап шығудың амалын іздеп тұрады. Өзгерісті жиі қалап тұрады, *сары түске* құмар адамға тұрақсыздық тән. *Сарғылт* – бақыт және қуаныш, шығармашылық және жылу түсі, өзіне физикалық энергияны және ақыл-ой қабілеттіліктерін үйлестіреді. Бұл шығармашылық және бейімделуге қабілеттілік түсі. Ол жақсы өмір және өміршеңдіктің жалпы әсерін тудырады. *Сарғыш түс* адам санасында жылу және гүлденуді білдіреді және өзіндік құрмет сезімімен байланысты: асханадағы сарғыш қабырғалар отбасындағы бейбітшілікті білдіреді, сарғыш күн батуы көңілді босаңсытады [19, 23].

Сары түс – қазақ мәдениеті мен дүниетанымына сай әр түрлі мән-мағынада ассоциацияланған. Осы орайда *сары түсінің* қазақы ұғымдағы мағыналық коннотацияларына көз жіберсек, қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де *сары түс* атауы сындық мағынада қолданылған екен. Мәселен, қазақ тіл білімінің түсіндірме сөздігінде: «*Сары*. Қазақ тіл. *Сар* – кең тұтас, *Сарыл* – күту, ұзақ таусыла күту; *сарыл* – дыбыс (елік) – су, сұйықтықтан құйылғанда шығатын дыбыс; *сарық* – тауысу, бітіру, сарқу; *сарғау* – күй, кебу, құрау, солу, *Сара* – дара саралау; айығу, сорттау. *Сап* – шапшаң; сап тию шапшаң, тез тию, *сап ету* – тез түсу; *сарын* – дыбыс, үн, ұзақ, біртекті, толғамды, мұңды дыбыс; *сарнау* – бір нәрсе жанға батқанда шығаратын дыбыс [20].

Сары түс – адамның ойлау, тез қабылдау қабілетін жақсартады. Өз өзіне сенімсіз, ұялшақ адамдарға оң әсерін тигізеді. Адамға күлкі, қуаныш әкеледі. Әдетте, бұл түс қуаты мол, көп сөйлейтін, әртістік өнерге, шығармашылыққа жақын адамдарға тән. *Сары* – сана және ес түсі. Бұрынғы кездері ол өмірді және қуанышты білдіретін түс болған. *Сары* өзін өзі сыйлаумен, өзіміздің өзімізге қалай қарайтындығымызбен байланысты. Бұл тұлға және біздің «меніміздің» түсі. *Сары* психологиялық тұрғыда көңілсіз және меланхоликалық жағдайларға жақсы. Бұл – жақсы ойлау, жарқырау және жарқындық түсі. Мысалы, ресми адамдарға өзіне сенімділік үшін *сары* галстуктар тағу ұсынылады.

Сары түсті киім адамға *сарғыш түс* сияқты әсер етеді. *Сары түсті* еркіндікті қалайтындар және арманы биік, қиялға берілгіштер ұнатады. Олар күтпеген оқиғаларды жақсы көреді. Үнемі ізденісте жүреді. Мұндай мінезді адамдардың маңайында көбінесе әзілге жақын адамдар жүреді. Тың идеяларды талқылып, ой таразысына салғанды жаны қалайтын адамдар өзгені тыңдап, өз пікірін де ұмыт қалдырмайды. Бірақ кейде жауапкершіліктен қашады. Бұл өзін еркін сезінгісі келетін адамдардың жиі таңдайтын түсі. Бірнеше тілдік деректерін салыстыратын болсақ, А.Залевскаяның *сары түс* – неміс халқында жек көрушілік, қызғаныш, жалғандық, салқындық; америкалықтарда – қорқақтық, қауіп төнетіндей жағдай, француздарда – сатқындық; орыс ұлты үшін – күзгі жапырақ деген ассоциацияларды тудырады деген талдауын А.Өмірбекова келтіреді. [19, 57].

Қызыл түс. *Қызыл* – түстердің ішіндегі ең жылы түс. Бұл түсті сөзшең адамдар таңдайды, және еркектердің көпшілігіне ұнайды. Екінші жағынан *қызыл* түс күш пен қызбалықтың белгісі. Қытайда *қызыл түс* байлық пен дамудың белгісі ретінде ассоциацияланады. Бұдан бөлек *қызыл түс* Азиялық елдерде қызбен байланыстырылады. Бұған дәлел, қазақы танымда: «*қызыдың көзі – қызылда*» - десе, қытайда: *hong yan bo ming, hong yan* (сөзбе-сөз: қызыл реңк, 'әйелдің нұрлы жүзі' *bo ming*: соры ашылмаған) "арудың маңдайы тайқы" т.б. [2, 27]. Күн шығыс елінің дәстүрлі үйлену салтында жас келін *қызылдан* желек жамылып, *қызыл* көйлек киіп, *қызыл* күймеге отырған. Олар тіпті той-думандарында да *қызыл* шырақ жағып, *қызыл* түсті қима қағаз суреттер ілуді қуаныштың символына балағандықтан, таным-түсініктеріне сәйкес *қызыл түсін* "бақыт пен жеңіске", "адалдық пен мейірімділік" секілді ұғымдармен ассоциациялайды [21, 19].

Дүние жүзінде *қызыл* раушан гүлі махаббаттың белгісі ретінде саналғандықтан, *қызыл түс* көбінесе раушан гүлімен немесе махаббат, ғашықтық сезімімен де ассоциацияланады. Ал *қызыл*

планета Марс – соғыс құдайы ретінде танымал екендігі белгілі, сондықтан болар қанды қырғын соғыстар, қан майдандар *қызыл* түсімен байланыстырылып, санада ұрыс, төгілген қанмен елестетіледі.

Қазақ халқында ерекше мағынада ассоциацияланатын түстердің бірі – *қызыл түс*. *Қызыл* – көргенде қатты әсер туғызатын жылы түстердің бірі. Бұл түс оттың және қанның түсі болғандықтан жүрекпен де байланыстырылады. Молшылық белгісі ретінде мерекелік дастарханда қолдануды, көңіл көтеруді, қуанышты, тойды, әдемілікті символдайды. Мереке күндері, демалыс күндері де күнтізбеде *қызылмен* белгіленеді. Қытайда *қызыл түсі* әлі күнге дейін үйлену тойында киіледі. Қазақ халқының фольклорында *қызыл көзді пәле*, *қызыл түлкіден* ерлікті, бірде қауіпті, айлакерлікті тұспалдайды. Сонымен қатар, *қызыл түс* – әдеміліктің, сұлулықтың символы болғандықтан қазақы танымда «қыз» немесе «қызыл гүл» ұғымымен де ассоциацияланады. Бұған «Қыз Жібек» жырындағы: *Қыз Жібектің ақтығы, Наурыздың ақша қарындай. Ақ бетінің қызылы, ақ тауықтың қанындай* – деген және «Ер Тарғын» жырындағы: *Қара жерге қар жауар, Қарды көр де етім көр. Қар үстіне қан тамар, Қанды көр де бетім көр*, – деген бейнелі тіркестер толық дәлел бола алады. Түрікше қырмызы – *қызыл*, *әдемі*. Үнді европада *kūr/ker* – жану, от, ағаш, бояу. Үнді арияша – *kora* – жас, жаңа; қазақта – *қызыл* – әдемі. «*Қызыл*» сөзімен байланысты тіркестердің кейбірі тарихи негізіндегі ұғымына сай болса, кейбірі кейін пайда болған шартты, символикалық мағынада жұмсалады [22, 27].

Келтірілген деректерден қазақы ұғымда *қызыл* түсінің «*қыз*» бейнесімен ассоциациялануы тегіннен-тегін емесі анық. Бұлай деуге толықтай себеп боларлық, *қызыл* сөзіндегі *-ыл* жұрнақ, *қыз* – өлі түбір Н.Баскаковтың да пікірінше, *қыз* түркі тілінде «*от*» мағынасында жұмсалған. Тілімізде *қыз-қыз қайнау* тіркесінде сақталған. XI ғасыр түркі тілдерінде «*қыз*» сөзінің – *қызыл түс* мағынасында қолданылғаны айтылады. Сонымен *қыз* түбірі ерте замандарда синкретизм ретінде бірде егістік, бірде сын есім мағынасында қолданылған [3, 95].

Қызыл түс денсаулық, жылу, қан, құмарлық, ерік күшін, өмір сүру, ыза, мінез, қауіп және бұзуды білдіреді. Адамға күш сезімін береді. Қоздыру сергектік, береді, тез әрекет ету қабілеті, құштарлықты тудыру. *Қызыл* бағдаршамда қозғалысты реттеу үшін, *Қызыл* Крест және т.б. белгісі ретінде қолданылады. *Күлгін түс* психологиялық өзін-өзі танумен және рухани тәжірибемен байланысты. Үнемі емдеу түсі болып саналады, ол субъект және рухтың бірігуін оятады [7]. Бұл – күшті түс, оны балаларға қолданған жөн. Ол славян халқында рухани түс болып есептеледі. Сондай-ақ, шіркеулерде жерлеу уақытында қолданылады, әсіресе, өзін Құдайға жақын сезіну үшін және ішкі күйзеліс сезімін жеңу ұғымымен ассоциациялануына байланысты жарнама түсінде, тұрмыстық қажеттілікте бұл түсті жиі пайдаланады. Осы орайда медициналық кабинеттер, қарттар үйінде қолданылған *күлгін түс* адам ақылын тұрмыстық мәселелерден алшақтатып тыныштық сезімін тудыратындығын анықтай отырып медициналық сауықтыру қызметінде қолданылады.

Ассоциациялық өрісте берілуі – *қызыл әскер*, *қызыл қан*, *қызыл от*, *қызыл жсалын*, *қызу қанды*, *қызыл гүл* т.б. Психологтардың кеңесі бойынша, *қызыл түсті* мына кезде таңдаңыз: қызығушылық тудырғыңыз келсе арманыңызды іске асырғыңыз келсе, қорқыныш пен үрейден қорғанғыңыз келсе, бойыңыздағы қуатты арттырғыңыз келсе *қызыл түсті* таңдаңыз. Сондай-ақ, «*Қызыл түс* тасыған күшті білдіреді. Көбінесе қызуқанды адам киімді осы түстен таңдайды. Албырт, белсенді, тез шешім шығаратындар бір орында отырғанды қаламайды. Өмірден бәрін үйреніп, алға ұмтылғыштар қызылға құмар. Оларды бірқалыптылық тез жалықтырады. Айналасындағылардың қателігіне көз жұмып қарамайды. Шынайылықты жақсы көреді» – деген пайымдаулар бар. Бұл түс бала зейініне ықпал етедн. Мәселен, зейін аударудың пайда болуы баланың қозғалыс белсенділігінің қайта құрылуының, қозғалыстың органикалық әрекеттер актілерінен мінез-құлық актілеріне айналуының басталғандығын білдіреді. Халық педагогикасында осындай зейін аударуларды қалыптастырудың ерекше құралдары: *емізк*, *бесік*, *қызылды-жасылды ойыншықтар*, *бесік жырлары және т.б.* ертеден қолданылған. Зейін аудару бала дербестігінің және оның ересек адам өмірінен оқшаулығының алғашқы денелік-тәртіптік нысаны болып шығады [23, 130].

Жасыл түс. *Жасыл түс* – еркіндікке деген жігерлікті, табандылықты, мақсаткерлікті, өзіншілдікті, «Мен» деп өзіне жоғары баға берушілікті білдіреді. *Жасыл* – Америка мәдениетінде ақшаны ассоциациялайды. *Жасыл түсі* көп елдерде *жастық* пен жаңа шыққан *көк*, *өсімдік* бейнесімен ассоциацияланады. Мәселен, қазақы танымға сай *жасыл мен көк түсі* бір-бірінің орынына қолданыла берген. Соған сай *жасыл шықты – көктеді*, *жасыл түсті – көк түсті* (*Көк түскен жер тақыр-ды. Қыз Жібек*); [20, 726]. Ал *әзірбайжан тілінде йаш* деген сөз «дымқыл», «сулы», «көк» мағынасында. Славян халқының танымында *жасыл түсі "зелёный"* – өмір мен *жастық шақ*, *белсенділікпен* ассоциацияланады екен. Психологияда, бұл түсті таңдағандар – өзінің құндылығына деген сенімді жоғарылатқысы келетіндер, айналасындағы адамдардан мақтаулар, жақсы пікірлер күтетін адамдар деп ұғынылады.

Сондай-ақ, бұл түс тәкаппарлықтың нышаны. *Жасыл* – адамға сенімділік береді. Кеңсе және жұмыс жасайтын орын үшін тамаша түс. Ол белсенділік пен табандылық береді. *Жасыл* – махаббат, даму, есею, ысылмағандық, молшылық, сенім және жаңа өмір түсі. Бұл сонымен қатар қызғаныш, қызғаншақтық және ырымшылдық және сезім түсімен ассоциацияланады. Оны ауруханада ота жасайтын дәрігерлер науқасты тыныштандыру үшін киеді, жасыл иммундық жүйені нығайтады. Ол сонымен қатар ширығуды басады, жасыл алаңда қыдыру тыныштануға әкелетіндігі жөнінде пайымдалады.

Жасыл түс – нағыз гармониялық түс. Адамның жүйке жүйесін тыныштандырады. Бұл түс біреудің қуаныш, ренішіне ортақтаса білетін, достары көп адамдарға тән. *Жасыл түсін* ұнататын адамдар тұрақты, сенімді болып келеді. Бұл түсті кез келген жерде қолдана беруге болады. *Жасыл түсті* киім кисеңіз, сіз кез-келген ортада тек жақсы жақтан ғана көзге түсесіз. *Жасыл түсті* үйлесімділікті қалайтындар ұнатады. Бұл түс үмітті білдіреді. Мәселен, Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасында :

Егде шал, ерен жігіт, асыл қызын

Көктемдей көз алдында *жасыл-қызыл*.

Күн балқып өнерлінің күлкісінде,

Көзіңнен баяғыны жасырды жыл [11, 433] – деген өлең жолдарынан *жасыл* түсіне тән психологиялық бояуларды байқаймыз.

Жасылды жақсы көретіндер тыныштықты жаны қалайды. Дегенмен көпшілікпен араласқанға құмар. Шыдамды, тым байсалды. Ұжымның арасында өзін көрсеткенді қаламайды. Өйткені өзгелер жомарттығын пайдаланып кетеді деп қорқады. *Жасыл* көпшілік ұғымында қарым-қатынасты білдіреді. Бірақ жалпыға ортақ таным бойынша табиғатты және жастықты бейнелейді. *Жасылдың* түрлі реңдері түрліше әсер береді екен: *Қою жасыл* – суықтық, байлық, еркекшоралық, кертартпалықты сипаттаса, *көк жасыл* – жағымсыздықты, кері тартпалықты, *зәйтүн жасылы* – татулықты, бейбітшілікті, *сарғыш жасыл* – тұтынушылардың басқа жасылдардан артық көретін реңі.

Қоңыр түс. *Қоңыр түс* – топырақтың және ағаш тақтаның реңі. Төзімділік және сенімділік береді. *Қоңыр*, сондай-ақ, жердің түсі. Жер халықтың тіршілік орны. Осымен байланысты қазақ елінің танымында ерекше жағымды мәнде ассоциацияланады. Жалпылай алғанда *қоңыр түсі* ежелден Азиялық көшпелі халықтардың болмысына тән түс болғандықтан, бұл түсті тау-тас, құм мен дала, қой төлі мен шопан бала, самал жел, кеш, үй т.б. секілді ұғымдармен ассоциацияланады. Мәселен, араб, иран тілдерінде *қоң* – *қар* – *қор* (қорум, қорымтас), *каф*, *қап* (Қап тауы), *қая*, *қия*, *құз*, *қыр*, *қыз* (Қазбек), *қур* – *гора*, *тау*, *биік* мағыналарын білдірген. Қазіргі тіліміздегі жер, тау, ұғымдары «қур» аталған екен [24, 44].

Қоңыр табиғи, тыныш, жайлы, ашық бір атмосфераны қамтамасыз етеді. *Қоңыр* түсінің ассоциациялануы, тыныштық өмір бейнесімен де астасып жатыр. Соған сай туған тіркестер қатары: *қоңыр жел*, *қоңыр тірлік*, *қоңыр күз*, *қоңыр самал*, *қоңыр дала*, *қоңыр кеш*, *қоңыр жол*, *қоңыр ымырт*, *қоңыр төбе*, *қоңыр күй*, *қоңыр леп* т.б. Ассоциациялық тіркестер қатарындағы *қоңыр үн*, *қоңыр* дауыс ер адамға тән, ер баланың белгілі бір даму кезеңіне сай пайда болатын, ән салғанда кәсіби әншілікті қажет етпейтін (қоңырлатып ән салды) дауыс, үн. Мысалы, «Оғлан үні қоңрады – Баланың дауысы қоңырлады». Бала балиғатқа жеткенде дауысы өзгерді, дауысы қоңырланды [25, 53].

Қоңыр түсінің адам санасында ассоциациялануына байланысты, психолог мамандар мынадай пікірлерді ұсынады: «Қоңыр түсті ұнататындар өмірден мол тәжірбие алған жандар. Оның өз тәртібі бар, ойы кемелденген адам. Бұл түсті қалайтындар байсалды мінезімен тартымды келеді. *Қоңыр* түсті көбінесе шыдамды, байсалды жандар ұнатады. Ешкімге тәуелсіз, өзінің ойынан қайтпайтын адамдар қалайды. Кейде олармен араласқанда ойын анық түсіну мүмкін емес. Көбінде еркектердің сүйікті реңкі. Кейде кейбір тондардың ескірген, оңған түрі секілді де әсер береді».

Заман ағысымен *қоңыр* түсінің қазақы танымда тың көрініс, ұғымдармен ассоциацияланып берілуі тек лингвистикалық тұрғыдан тілге ғана емес, өнер саласына да біршама өзгерістер алып келді. Соның бір айқын дәлелі ретінде белгілі суретші Ғалымжан Қаржасовтың «*Қоңыр*» туындысын (2004 жылы кенеп/майлы бояу, көлемдері 90x120см) айтуымызға болады. Осы туынды арқылы суретші танымындағы *қоңыр* түсі жалпылай қазақ халқымен ассоциацияланады. Олай деуге толықтай себеп боларлық ұғымды туындының желісінен аңғару қиын емес. Жалпылай алғанда, туындының сюжеті қарапайым екі қарт адамның отырысын бейнелейді. Композициялық құрылымы бойынша суреттің көрерменге айтары көп, бірақ тілдесу үнсіз, оны тек ішкі түйсік арқылы ұғыну керек. Ал туындының атауы сырт көзге «*Қоңыр*». Неліктен суретші осы жұмысын *қоңыр* деп атады? Қазақтың *қоңыр* деген ұғымы басқа тілдерге аударылмайды. Суретші *қоңыр* деген ұғымды осы жұмыспен толықтай ашқан.

Өйткені қазақтың *қоңыр* деген сөзі үлкен философиялық ұғым екенін мәлім. Қоңыр сөзінің мағынасы көптеген өмірдің құбылыстарын қамтиды, яғни, қарапайым тіршіліктен, философиялық және психологиялық тебіреністерге дейін жетеді.

Ғ.Қаржасовтың *«Қоңыр»* туындысында жан-жақтың барлығы тыныштыққа бөлінген, оны көрген көрермен де сондай күйге бөленеді. Туындыны көріп отырып, біз жанға жайлы жылылықты сезінеміз, ол жылылық көркем тілдің элементтерінің сәйкестігінен туған. Туындыда ұлттық қысқы киім, бастарында бөрік, тымақ киген екі қарт адамды бейнелеген. Екі қарттың отырыстары қимылсыз, жай, тыныштықта отыр. Аталардың бейнелері бір-бірін қайталайды, тек отырған отырыстарында айырмашылық бар. Екі қарттың қимылсыз отырысы суреттегі кейіпкерлердің қимылсыздығынан айрықша. *«Қоңырдың»* қарттары өзіне тереңнен үніліп, өзіне-өзі жол тапқанын көреміз. Сол жақтағы қарт жастау көрінеді, оның бешпенті ашық, сақалы сәл ұзындау, басында бөрік, қолдары бір-біріне жақын қойылған. Ал, оң жағындағы қарт адам сол жақтағы отырған ағамыздан жасы үлкенірек болуы тиіс, себебі оның бейнесі жинақы, сабырлы, әрі оның қолында жердің түсініксіз тесігіне бағытталған таяқшасы бар [26, 93]. Осы жерден суретшінің *қоңыр* түсін беруде қарт адамдарды таңдауы белгілі жайт. Себебі, қазақы таным-түсініктегі *қоңыр түсі* жас-ерекшелікке сай егде кісілердің түсі болып табылады. Мәселен, *қоңыр ой, қоңыр жүз, қоңыр үн, қоңыр бешпент т.б.*

Келтірілген деректерден байқағанымыздай, түр-түстердің ассоциациялануы тек біржақты (*психология, лингвистика, элеуметтану т.б.*), қаралатын құбылыс емес екендігіне көз жеткіземіз. Түр-түстердің зерттелуімен жүргізілген тәжірибелердің басым көпшілігі ассоциациялық (*бейнелік*) негізге құрылған. Ғалымдардың қызығушылығын оятқан түр-түс әлемі болса, олардың санадағы бейнелік көрінісі, ассоциациялануы лингвистерді де бей-жай қалдыра қоймағаны анық. Әр түстің дүние жүзі халықтарында түрлі мән-мағыналық коннотацияға ие болуына байланысты, ассоциациялануы да түрліше болатындығы белгілі. Соған сай түр-түстердің күрделі құбылыс екендігі, оларды жаңа қырынан зерттеу қажет болатындығына қазақ ғалымдарының да келісері хақ.

Бұл жөнінде белгілі ғалым, академик Ә.Қайдар былай дейді: «Осыншама көп, түрлі түсті бояудың тіршілік көркі, өмір өрнегі ретіндегі тамаша қызметі, байыптап қарасақ, тек бір затты екінші заттан, бір құбылысты екінші бір құбылыстан, өзімізді басқадан, өзгені өзімізден түстеп ажырата білу үшін ғана емес (мысалы, *қара ат, боз ат, көк ат немесе ақ тас, көк тас, қара тас т.б.*), сонымен қатар, олардың тылсым сырын терең аша түсуге, кез келген зат пен құбылыстың, сайып келгенде, ұлы табиғаттың тектес, ұқсас екендігін өзімізге де, өзгеге де паш етуге арналған... Бұл – мәселенің тек бір жағы. Мәселенің екінші, мәнді де маңызды жағы – осыншама бай тілдік фактіні пайдалана, қолдана білуімізде. Басқаша айтқанда, түрлі-түсті дүниемізді өз бояу-нақышымен, әр қырынан жарқырата, мың құбылта көрсете білуде. Сондықтан да бұл мәселе талғам-талабына сай сөз зергерлерінің сөз ұстарту шеберлігіне де байланысты болса керек» [13,140].

Одан аңғаратынымыз: әрбір түстің өз өрнегімен өмірде алатын орны, атқаратын қызметі бар. Табиғат, қоғам өмірінің әр саласына сәйкес әрбір түс пен реңктің атқаратын қызметі де, қолданыс жиілігі де әр түрлі болады екен.

Қолымыздағы деректерге қарағанда, барлық салада ең көп қолданатын түс – *қара*, одан кейінгі – *ақ*, одан кейін – *көк*, төртінші орында – *қызыл*, бесінші орында – *сары* т.т. Бұл түр-түс атауларын қолданудағы объективті фактор болса, оның субъективті көріністері де жоқ емес. Мәселен, біреуге *ақ* түстің, екінші біреуге *көк* түстің, ал үшіншісіне *қызыл* түстің ұнауы немесе сол түстерге боялған заттардың (*киім-кешек, кілем т.б.*), табиғи құбылыстардың (*аспан, бұлт, гүл, орман т.б.*) әр түрлі әсер етіп ұнамды, ұнамсыз болып көрінуі өмірде кездесетін жағдай. Жеке адамның түр-түске деген «көзқарасы» тек оның физиологиялық, психологиялық, эстетикалық таным-талғамына ғана емес, сонымен қатар рухани дүниесіне, мәдени-білім дәрежесіне, мінез-құлқына, ұлттық ерекшелігіне, тіпті жасы мен жынысына да байланысты болады екен. Дегенмен, ұлт пен этностар арасындағы түр-түске деген көзқарас жергілікті жер мен геосаяси жағдайға ғана байланысты емес, ұстанатын салт-дәстүр, түсінік-пайымдар, жас ерекшелікке байланысты ұғымдардың да ескерілгені жөн. Олай болған жағдайда қазақ мәдениетіндегі түр-түс атауының мәні мен рөліне байланысты ассоциациялану ерекшелігі әлі де зерделеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Арыс, 2010. – 280 б.
[2] Айтқазықызы С. Түр-түс атауларының ағылшын, қытай, қазақ мәдениетіндегі символикасы және олардың тілдік бейнесі. – Алматы: Игілік, 2008. №2, 15-20 бб.

- [3] Аққозов Ә.Ә. Сапалық сын есімдердің семантикасы және жүйесі: фил.ғыл.канд... автореф. – Алматы, 2004. – 34 б.
- [4] Қайдар Ә., Өмірбеков Б., Ахтанбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.
- [5] Лауланбекова Р.Т. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты: фил. ғыл. канд... автореф. – Алм. 2010. – 36 б.
- [6] Қайырбекова Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: фил.ғыл.док... автореф. – Алм., 2004. – 132 б.
- [7] Ергали Е. Түс ерекшеліктері туралы жалпы мағлұмат // <http://massaget.kz/lavfs/>
- [8] Бижанова М.М. Мақал мәтелдер мен тұрақты тіркестерде қолданылған түр-түс атауларының семантикасы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2010, №1(16) 7-53 бб.
- [9] Ибраев Ш. Ақ сандық, көк сандық: Балалар фольклоры (Бесік жырлары, тақпақтар, жаңылтпаштар мен жұмбақтар, ойын өлеңдері мен ойындар, ертегілер). – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.
- [10] Батырлар жыры. Балалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 34. – 364б.
- [11] Асыллов Ұ., Дайырова Ә., Батталова Р. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2003. – 560 б.
- [12] Құрманалиева З.А. Ренк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы: фил.ғыл.канд... дисс. – Алматы, 2003. – 158 б.
- [13] Қайдаров Ә. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
- [14] Қами Н. Көк қақпа. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: Қазақ тарихы, 2010. – 272 б.
- [15] Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: фил.ғыл.док... дисс. – Алм., 2004. – 251 б.
- [16] Шанбаева Л.Р. Функционалды-семантикалық орис (түр мен түс материалдары негізінде): фил.ғыл.канд... автореф. – Алматы, 2010. – 38 б.
- [17] Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным, 2010. – 244 б.
- [18] Хасенов Б.Д. Әділова А.С. Түр-түс атауының шығуы туралы / ҚарҰУ Хабаршысы. фил. – 2012. №4 (87) 5-10 бб.
- [19] Өмірбекова А.Б. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.
- [20] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974. – 383 б.
- [21] Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: фил.ғыл.канд... автореф. – Алматы, 2005. – 27 б.
- [22] Аитова Н. Қазақ тіліндегі түске байланысты «қара» және «көк» сөздерінің семантикалық сипаты // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
- [23] Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 285 б.
- [24] Ахметжанова Ф.Р., Қайырбекова К.Т. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. – Өскемен: ШКМУ баспасы, 2000. – 136 б.
- [25] Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т 4. Алматы: Толағай групп, 2010. – 62-73 бб.
- [26] Сейтимов А. Бояу түстерінің қырлары мен сырлары // Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2010. – №2, 93-98 бб.

REFERENCES

- [1] Smagulova G. Kazak frazeologiyasi lingvistikalik paradigmalarda: monografiya. – Almaty Aris, 2010. – 280 p. (in Kaz.).
- [2] Aytkazikizi S. Tur-tus ataularinin agilshin, kitai, kazak madenietindegi symvolikasi jane olardin tildik beynesi. – Almaty: Ygiliik, 2008. №2, p. 15-20. (in Kaz.).
- [3] Aqkozov A.A. Sapalik sin esimderdin semantikasi jane juiesi: fil.gil.kand... avtoref. - Almaty, 2004. – 34 p. (in Kaz.).
- [4] Kaydar A., Omirbekov B., Ahtanberdieva Z. Sirga toli tur men tus. – Almaty: Kazakhstan, 1986. – 95 p. (in Kaz.).
- [5] Laulanbekova R.T. Tur-tus komponentti kurdeli atalimdarin tanimdik sipatii: fil.gil.kand... avtoref. – Almaty. 2010. – 36 p. (in Kaz.).
- [6] Kayirbekova K.T. Kazak tilindegi etnomadeni ataulardin simvoldiq mani: fil.gil.dok... avtoref. – Almaty., 2004. – 132 p. (in Kaz.).
- [7] Ergali E. Tus erekshelikleri turali jalpi maglumat // <http://massaget.kz/lavfs/>
- [8] Bijanov M.M. Makal-matelder men turakti tirkesterde koldanilgan tur-tus ataylarinin semantikasi.– Almatiy: Abay atindagi KazUPU 2010. – 38 p. (in Kaz.).
- [9] Ibraev Sh. Aq sandiq, kok sandi'k: Balalar folklori (Besik jirlari, takpaktar, janitpashtar men jumbaqtar, oyin olenderi men oyindar, ertegiler). – Almaty: Jazushi, 1988. – 256 p. (in Kaz.).
- [10] Batirlar jiri. Babalar sozi: Juz tomdiq. – Astana: Foliant, 2006. – V. 34. – 364p. (in Kaz.).
- [11] Asilov U., Dayirova A., Battalova R. Kazak adebiyeti. Hrestomati'ya: Jalpi bilim беретin mekteptin 11-sinibina arналган оқу kurali. – Almaty: Mektep, 2003. – 560 p. (in Kaz.).
- [12] Kurmanalieva Z.A. Renk mandi tuindi zat esiderdin maginalik kurilimi' fil.gil.kand... diss. – Almaty, 2003. – 158 p. (in Kaz.).
- [13] Kaydarov A. Tur-rusterdin tildegi korinisi. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 p. (in Kaz.).
- [14] Kami N. Kok kakpa. Hikayatattar men angimeler.– Almaty: Kazak tarihi, 2010. – 272 p. (in Kaz.).
- [15] Islam A. Ulttik madeniet konteksindegi dunienin tildik surety: fil.gil.dok... diss. – Almaty., 2004. – 251 p. (in Kaz.).
- [16] Shanbaeva L.R. FunkSIONALDI-semantykalik oris (tur men tus materialdari negizinde): fil.gil.kand... avtoref. – Almaty, 2010. – 38 p. (in Kaz.).

- [17] Smagulova G. Maginalas frazeologizmderdin ulttik-madeni aspektileri. – Almaty: Eltenim, 2010. – 244 p. (in Kaz.).
- [18] Hasenov B.D. Adilova A.S. Tur-tus ataunin shigui' turali / KarUU Habarshisi fil. – 2012. №4 (87) p.5-10. (in Kaz.).
- [19] Amirbekova A.B. Kazirgi kazak til bilimindegi jana bagittar. – Almaty: Eltanim, 2011. – 204 p. (in Kaz.).
- [20] Kazak tilinin tusindirime sozdigi. Kazak SSR-nin «Gilim» baspasi, 1974. – 383 p. (in Kaz.).
- [21] Aitova N. Kazak tilindegi tur-tus ataularinin kognitivtik semantykasi: fil.gi'l.kand... avtoref. – Almaty, 2005. – 27 p. (in Kaz.).
- [22] Aitova N. Kazak tilindegi tuske baylanisti "kara" jane "kok" sozderinin semantikalik sipati // Til tarihi jane soz tabigati. – Almaty: Gilim, 1997. – 224 p. (in Kaz.).
- [23] Jubanazarova N.S. Jas erekshelik psihologiyasi. – Almaty: Kazak universiteti, 2014. – 285 p. (in Kaz.).
- [24] Ahmatjanova F.R., Kayirbekova K.T. Tur-tuske baylanisti turakti soz tirkesteri. – Oskemen: SHKMU baspasi, 2000. – 136 p. (in Kaz.).
- [25] Ualihanov Sh. Kop tomdik shigarmalar jinagi. – T 4. Almaty: Tolagay grupp, 2010. – p.62-73. (in Kaz.).
- [26] Seytimov A. Boiyau tusterinin kirlari men sirlari // Gumanitarlik gilimdar seriyasi. – 2010. – №2, p. 93-98. (in Kaz.).

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ СМЫСЛ ЦВЕТОВЫХ АССОЦИАЦИЙ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ВОЗРАСТА ЛЮДЕЙ

Г.Н.Смагулова, А.К.Манкеева

smagulova.g@mail.ru; a_mank@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы

Ключевые слова: ассоциация, цветовые обозначения, познания казахов, психологический аспект, цветовые ассоциации.

Аннотация. В статье с психолингвистической точки зрения рассматриваются смысл и содержание цветовых ассоциаций в зависимости от возраста людей. В казахской культуре на восприятие того или иного цвета в национальном стиле повлияли кочевой образ жизни, окружающая среда, традиции, обычаи и верования кочевников. Цветовые обозначения сыграли решающую роль в формировании особенностей национальной культуры. Исходя из положения о том, что обозначение каждого цвета у различных народов имеет различную смысловую коннотацию, мы допускаем возможность возникновения разнообразных цветовых ассоциаций. В языковом сознании казахов белый, черный, синий, желтый, красный, зеленый, коричневый цвета воспринимаются как смысловые ассоциации натуральных, природных цветов. В мировосприятии казахов каждый цвет в соответствии с выполняемыми им функциями занимает определенное место в жизни общества. В зависимости от того, в какой сфере природной и общественной жизни используется тот или иной цвет или его оттенок, различными бывают ареал его распространения и частота употребления. Поэтому при исследовании выбора отдельным носителем языка того или иного цветоименования необходимо обратить пристальное внимание на особенности его психологических, физиологических, интеллектуальных и других качеств.

Поступила 21.01.2016 г.

СОДЕРЖАНИЕ

Актуальные проблемы социальной философии	
<i>Сартаева Р.С.</i> Феномен информации в эпоху постиндустриальной трансформации мирового мега-социума.....	5
<i>Дунаев В.Ю., Курганская В.Д.</i> Постфилософия становления и синергетика фазовых переходов.....	12
<i>Элжан Қ.Ұ.</i> Этностереотипы в контексте национальной самоидентификации диаспоры	22
Этос науки	
<i>Хамидов А.А.</i> Альберт Эйнштейн, научный этос и физика для публичного пользования.....	27
Философия казахского Просвещения: история и современность	
<i>Барлыбаева Г.Г.</i> Духовное наследие казахских просветителей как квинтэссенция казахской философии.....	40
<i>Нурмуратов С.Е., Жанабаева Д.М.</i> К вопросу о философии казахского просвещения	45
<i>Курмангалиева Г.К.</i> Смена мировоззренческой парадигмы как условие социальных изменений: из творческого наследия Ч.Ч. Валиханова.....	51
Религиоведческие исследования	
<i>Косиченко А.Г.</i> Способна ли религия одухотворить современный мир?.....	58
<i>Сатеришинов Б.М., Окан С.</i> Соотношение исламского шариата с обычаями и традициями казахского народа.....	66
<i>Соловьева Г.Г.</i> Аль-Газали и современный религиозный дискурс	73
<i>Сейтахметова Н.Л., Смагулов М.Н.</i> Роль исламского образования в казахстанском обществе.....	84
Политическая наука Казахстана: тенденция общественного развития	
<i>Шайкемелев М.С., Ешпанова Д.Д.</i> Этносоциальная структура казахстанского общества.....	90
<i>Нысанбаев А.Н., Нысанбаева А.М.</i> Интеграция молодежи как фактор стабильности казахстанского общества.....	95
<i>Сагызкызы А., Кокушева А.А.</i> Политические ориентации современной молодежи как фактор формирования казахстанского «общества знания».....	102
* * *	
<i>Довгань А.В.</i> Лимитирование смысла: абсурд и не абсурд.....	107
<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> Системно-структурный анализ основ парламентаризма в Республике Казахстан	121
<i>Рахметулина Б.С.</i> Приоритеты процесса рассмотрения гражданских дел в порядке упрощенного производства в судебной защите прав потребителей.....	131
<i>Темиртон (Садыкова) Г.</i> Научно-теоретическая культура: формирование проблемы интеграции.....	139
<i>Адизбаева Д.Ж., Шойбекова А.Ж.</i> Свойства личности как результат диалога разумов.....	145
<i>Картаева Т.Е., Оралбай Е.</i> Развитие колодезного дела и его разновидности (по материалам археологии и этнографии).....	149
<i>Капышева С.К., Турсумбаева М.Ж.</i> Роль и значения таможенной политики для развития экономики Казахстана.....	160
<i>Аринов Е., Жеребцов В.М., Кундакова Л.Р.</i> Особенности статистической оценки показателей уровня жизни и доходов населения.....	166
<i>Жумакаева Б.Д., Жумакаева Б.Д.</i> «Диалоговое обучение» в системе образования: традиционный и новые подходы.....	172
<i>Оспанова Б.Р.</i> Понятие «неприличной формы» в лингвистике и юриспруденции.....	177
<i>Смагулова Г.Н., Манкеева А.К.</i> Психолингвистический смысл цветовых ассоциаций в зависимости от возраста людей.....	182
<i>Кулманов С.К.</i> Казахские деловые бумаги – один из видов жанра официально-делового стиля.....	194
<i>Танауова Ж.Т., Сандыбаева А.Д., Шайхыстамова М.Б.</i> Народная проза – о исследовании шуточных рассказов.....	199
<i>Жуйкова Л.А., Привалова М.В.</i> Роль балета «Весна священная» в судьбах дальнейшего развития танца модерн.....	202
<i>Каракулова А.К., Онгельдиева С.М., Кузнецова Т.Д.</i> Информационно-коммуникационные технологии на уроках иностранного языка как фактор качества.....	208
<i>Таирова Г.А.</i> Лингвистические особенности перевода политического дискурса.....	212
<i>Алтыбаева С.М., Жанысбекова Э.Т.</i> Казахский роман-миф: семантика, структура, «нарративный каркас».....	217
<i>Джаксыбекова Г.Н.</i> Налоговая политика и финансовая архитектура в условиях Таможенного Союза и Евразийского Экономического Союза.....	222
<i>Нургалеева А.М.</i> Банки второго уровня – основное звено банковской системы.....	232
<i>Жуматаева А.Н.</i> Дидар Амантай – писатель постмодернист.....	242
<i>Кокенова А.Т., Таскулова Г.М.</i> Внедрение мирового опыта при подготовке специалистов в системе послевузовского образования РК.....	247
<i>Бижан Н.Р., Кокенова А.Т., Бижанов А.Р.</i> Особенности соответствия национальных нормативно-правовых актов к мировым стандартам.....	252
<i>Баймаханова Д.М.</i> Некоторые аспекты теории непосредственной демократии.....	258
<i>Жарболова А.Ж.</i> Некоторые вопросы осуществления права подписания или отклонения Президентом РК законов и рассмотрения их в Парламенте РК.....	265
<i>Ибраева А.С., Сейфуллина А.Б., Дюсебалиева С.С., Сарпеков М.</i> Право человека на чистую и здоровую окружающую среду в казахстане: проблемы реализации.....	270
<i>Лукин И.В.</i> Регулирование режима вознаграждений топ-менеджеров корпораций на примерах Европейского Союза, Германии и Казахстана.....	277
<i>Усеинова Г.Р., Алимбеков Б.М.</i> Становление и развитие идеи социальной государственности.....	285
<i>Усеинова Г.Р.</i> Основному закону Республики Казахстан - 20 лет.....	288
<i>Керимбекова З.М., Зарпуллаева К.С., Рахымбаева Н.Б., Сапарова Қ.У., Ермаханов М.Н., Сарсенбаева А.С., Акилбекова Ж.Н.</i> Возможности применения интерактивных методов обучения в ВУЗах.....	291
<i>Керимбекова З.М., Зарпуллаева К.С., Рахымбаева Н.Б., Сапарова Қ.У., Ермаханов М.Н., Сеитова Ж.Д., Ешаева Э.Б.</i> Новый подход развития личности учащихся в технологиях модульного обучения.....	295
<i>Мадалиева Ж. Қ.</i> Понятие и сущность информационного общества: философский анализ.....	300

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan requires that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in whole or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright owner. In particular, translations into English of papers already published in another language are not permitted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

social-human.kz

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Т.К. Апендиев*
Верстка на компьютере *С.К. Досаевой*

Подписано в печать 02.02.2016.

Формат 60x88 1/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
19,25 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.

Национальная академия наук РК
050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-18, 272-13-19